

**Ж. Әлімбаева, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының 3-бағам тыңдаушысы**

**Ғылыми жетекшісі: А. С. Байғараев, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының Қылмыстарды алдын ала тергеу кафедрасының оқытушысы**

## **ТЕРГЕУ ӘРЕКЕТТЕРІН ЖҮРГІЗУ БАРЫСЫНДА АҚШАЛАЙ ЖАЗАНЫ ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ**

Кейбір процессуалист ғалымдар ақшалай жазаны (ҚР ҚДЖК 160 б.) қылмыстық іс жүргізу қызметінің кез — келген қатысушысына қолдануға болатындығы туралы қорытындыға келген. Мәселен, В. А. Михайлов: «Мұндай қорытындыға келудің себебі мынада, яғни, талданып отырған ақшалай жазаны тағайындау негіздерінің бар болуы жағдайында, қылмыстық іс бойынша іс жүргізіп отырған сотпен, тергеу органымен немесе белгілі бір лауазымды тұлғамен іске қатысуға тартылатын немесе қатысуға рұқсат етілетін кез-келген іс жүргізуге қатысушыларға қатысты қолданыла алады»<sup>1</sup>.

Осы тұжырымды басшылыққа ала отырып біз, жүргізіліп отырған қандай да болмасын тергеулік әрекеттерге бөгет жасаған немесе кедергі келтірген азаматтар мен лауазымды тұлғаларды да ақшалай жазаға тарту мәселесін заңнамалық реттелуі қажет екендігі туралы ойға келеміз. Тергеулік әрекеттер әр түрлі болуы мүмкін, мәселен: оқиға болған жерді қарау, алу, тінту, тергеу эксперименті, мәйітті эксгумациялау және т. б. Осы тергеулік әрекеттерді тәжірибеде жүргізу барысында кедергі келтіретін жағдайларды жоққа шығаруға болмайды. Мәселен, эксгумация жүргізу барысында жерленген адамның туыстарының мәйітті қазып алуға қарсы болуы; оқиға болған жерді қарау үшін үй - жайға кіруге үй иесінің бөгет жасауы

немесе ұйым басшысының негізсіз қарсы болуы; затты алу барысында ізделіп жатқан затты жасырып қоюы және т.б.

Пайымдауымызша, аталған жағдайлардың негізінде «азаматтар мен лауазымды тұлғаларды» ақшалай жаза тағайындалуы мүмкін тұлғалар тобына қосуға толық негіз бар. Бұл тұжырымымызды Л. М. Масленникова да қолдайды. Л. М. Масленникованың пікірінше, қылмыстық іс жүргізу заңында қарастырылған ақшалай жазаны кез-келген қылмыстық іс жүргізуге қатысушыларға қолдануға болады<sup>2</sup>. Бірақ, мұндай іс жүргізудің мәжбүрлеу шарасын қолдануы ҚР ҚДЖК 156 б. 2 бөл. нормасымен реттеледі, өйткені, бұл нормада осы Кодексте көзделген жағдайларда ғана ақшалай жазаны қолдануға болатындығы айтылған. Мұндай жағдайлар ҚР ҚДЖК-де барлығы төртеу (145 б. 5 бөл., 147 б. 4 бөл., 160 б., 559 б. 5 бөл.).

Пайымдауымызша, жоғарыда аталғандардың негізінде ақшалай жазаға тартылуы мүмкін тұлғалар тобына келесілерді қосуға болады:

- тінту, алу және мүлкін тәркілеу қолданылған тұлғалар (сезіктіден, айыпталушыдан және олардың жақын туыстарынан басқа) — анықтаушының, тергеушінің, прокурор мен соттың талабы бойынша ізделініп отырған заттарды беруден бас тартса;

- байланыс мекемелердің қызметкерлері — анықтаушының, тергеушінің, прокурордың почта — телеграф корреспонденцияларын тұтқындау туралы қаулысын орындамағаны немесе дұрыс орындамағаны үшін;

- іс жүргізуге қатысушылар — анықтау мен алдын ала тергеудің мәліметтерін жарияласа, егер олар анықтаушының, тергеушінің, прокурордың аталмыш мәліметтерді жариялауға тыйым салынатындығы туралы ескертілсе.

---

<sup>1</sup> Қар.: Комментарий к Уголовно-процессуальному кодексу Российской Федерации / под общ. ред. В. В. Мозякова. – 2-ое изд. — М., 2002. — С. 263.

<sup>2</sup> Қар.: Комментарий к Уголовно-процессуальному кодексу Российской Федерации / отв. ред. Д. Н. Козак, Е. Б. Мизулина. — М., 2002. — С. 269.